



**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 8 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

***«Баскетбол. Олимпиада ойындары – 2016»  
ескерткіш күміс монетасын  
айналысқа шығару туралы***

**2015 жылғы 28 қаңтар**

**Алматы қаласы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2015 жылғы 28 қаңтардан бастап «proof» сапасымен номиналы 100 теңгелік **«Баскетбол. Олимпиада ойындары – 2016»** ескерткіш күміс монетасын айналысқа шығару туралы хабарлайды.

«Баскетбол. Олимпиада ойындары – 2016» күміс монетасының бет жағында (аверсінде) төменгі бөлігінде Қазақстан Республикасы елтаңбасы стадионның стильдендірілген бейнесінің қоршауында, монета дайындалған металды, оның сынамы мен массасын білдіретін «Ag 925 24 g» деген жазба және соғылған жылын білдіретін «2014» деген сан бар. Сол жақ бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «100 TENGE» деген жазба, жоғары бөлігінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің логотипі бейнеленген. Айналысқа мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген ойылған жазба бар.



Монетаның сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде ойын сәтіндегі спортшылар және Олимпиада ойындарын өткізу жылын білдіретін «2016» деген сан бейнеленген. Айналысқа ағылшын тілінде «OLYMPIC GAMES» деген ойылған жазба бар.

Монетаның бет және сырт жақтарындағы бейнелер мен жазбалар бедерленген. Айналысқа шығыңқы жиек жүргізілген. Қыры (гурты) бедерлі. Монета 925 сынамды күмістен жасалған, массасы – 24 грамм, диаметрі – 37 мм, дайындау сапасы – «proof», ең көп таралымы – 8 мың дана.

«Баскетбол. Олимпиада ойындары – 2016» күміс монеталары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, MDM MUNZHANDELSGESELLSCHAFT MBH & Co.KG DEUTSCHE MUNZE компаниясы және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны арасындағы Монеталар шығаруға және сатуға арналған келісімге сәйкес дайындалды.

Осы Келісім шеңберінде бұл компания Қазақстаннан тыс жерлерде тарату немесе сату үшін Ұлттық Банктен тиісті монеталарды сатып алады, ал Қазақстан теңге сарайы монеталарды дайындайды және жеткізеді. Ұлттық Банк дайындалатын монеталардың бір бөлігін (3 мың дана) коллекциялық құны бойынша Қазақстанның ішкі нарығында сату үшін резервтейді.

Номиналдық құны 100 теңгелік ескерткіш монета Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Ескерткіш монетаны «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған. Монетаның дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Қазақстан теңгесі – ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

«Proof» сапасымен жасалған ескерткіш монета коллекциялық құны бойынша сатуға арналған. Ол кәдесыйлық ораумен шығарылады және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі нөмірлік сапа сертификатымен жабдықталған.

Монетаны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында, сондай-ақ ҚРҰБ-ның [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) сайтының «Ұлттық валюта» парақшасындағы интернет-дүкен арқылы сатып алуға болады. Алматы қаласында мына мекенжай бойынша сатып алуға болады: Панфилов көшесі, 98. Анықтама үшін телефоны: +7 (727) 2738 398.

***Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2704 639, +7 (727) 2704 585; +7 (727) 3302 497, e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).***